

MFA қосымша аутентификация қабаттарын қосу арқылы веб-қосымшалардың қауіпсіздігін жақсартудың тиімді құралы болып табылады. MFA-ның әртүрлі әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктері бар және белгілі бір әдісті таңдау қауіпсіздік пен ыңғайлылық талаптарына байланысты болуы керек. MFA-ны веб-қосымшаларға біріктіру мұқият жоспарлауды қажет етеді.

Қорытындылай келе, MFA-ны веб-қосымшаларға біріктіру деректердің қауіпсіздігі мен пайдаланушылардың мүдделерін қорғаудың маңызды қадамы болып табылады. Бұл саланы одан әрі дамыту веб-әзірлеу саласында қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ете отырып, одан да сенімді және ыңғайлы аутентификация құралдарын жасауға ықпал ететін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Надейкина В.С, Лагуткина Т.В. Анализ способов реализации системы многофакторной аутентификации. Журнал аты: Научный результат, 2022
2. Логиновский О, Коваль М., Шинкарев А. Применение метода идеальной точки для поиска наилучшего способа аутентификации в корпоративных информационных системах. Журнал аты: Научный результат, 2022
3. https://www.anti-malware.ru/analytics/Technology_Analysis/Multi-factor-authentication-AMLive-2024
4. <https://kk.internetdaybook.com/10649151-what-is-authentication>

*Зарлық Р., Алдаш Д., Тұрдалы Б., студенттер
Турсумбаева А.Ф., оқытушы
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалы зерттеу
университеті КеАҚ*

ФИЗИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН WEB-ҚОСЫМШАНЫ ӘЗІРЛЕУ

Жобаның мақсаты:

Заманауи технологиялар пайдаланушылардың денсаулығы мен жайлылығына күтім жасауда шешуші рөл атқарады. Бұл саладағы инновациялық бағыттардың бірі-физикалық белсенділікті

бақылау қосымшаларын әзірлеу. Бұл есеп осы саладағы негізгі технологияларға шолу жасайды. Бұл жоба пайдаланушыларға қадамдар саны бойынша мақсат қоюға және осы мақсаттың орындалу барысын бақылауға мүмкіндік беретін веб-қосымша болып табылады. Ол сондай-ақ қаланы таңдау және ағымдағы ауа-райын көрсету функционалдығын қамтиды.

Жобаның өзектілігі:

1. Мақсат қою және денсаулық: салауатты өмір салты мен физикалық белсенділікке деген қызығушылықтың артуы жобаны өзекті етеді. Физикалық белсенділікті бақылау және мақсат қою қосымшалары салауатты өмір салтын ұстанатын адамдар арасында танымал.

2. Интерактивтілік және ыңғайлылық: мақсаттар қою, прогресті бақылау және бір қолданбада ауа-райы туралы ақпарат алу мүмкіндігі оны пайдаланушылар үшін ыңғайлы және қызықты етеді.

3. Технологиялық аспектілер: қадамдарды бақылау және ауа-райы туралы ақпарат алу үшін React және API қолдану веб-әзірлеуде заманауи технологиялардың қолданылуын көрсетеді.

4. Әрі қарай даму мүмкіндіктері: жобаны аяқтауға және кеңейтуге болады. Мысалы, прогресс тарихын сақтау мүмкіндігін, мақсаттарды орнатуды, физикалық белсенділіктің басқа өлшемдерін қолдауды және т. б. қосуға болады.

Жобаның пайдалану перспективалары

Қадамдарды бақылау технологиясы:

Қадамдарды қадағалау белсенді өмір салтын сақтаудың маңызды элементіне айналуда. Қосымшада қадамдарды дәл және тиімді бақылауды қамтамасыз ететін бір негізгі технология бар.

Датчиктер мен акселерометрлер

Қадамдарды бақылаудың негізгі әдістерінің бірі-заманауи мобильді құрылғыларда кіріктірілген сенсорлар мен акселерометрлерді пайдалану. Акселерометрлер құрылғының үдеуін өлшейді, бұл жүру сипаттамаларын анықтауға және қадамдарды жоғары дәлдікпен санауға мүмкіндік береді.


Ауа-райын тану технологиясы:

Нақты уақыттағы ауа-райын тану күнделікті өмірге бағытталған қосымшалардың маңызды элементіне айналуда. Бірқатар технологиялар ауа-райын дәл болжауға және визуализациялауға


мүмкіндік береді. Қосымшада бұл функция даладағы ауа-райы жүруге қолайлы екенің бақылауға арналған.

Ауа райы API

Қолданбалар үшін ауа-райы деректерінің негізгі көзі температура, ылғалдылық, жел жылдамдығы және басқа параметрлер туралы жаңартылған ақпаратты беретін API болып табылады. Мұндай API-ге мысал ретінде дәл және уақтылы деректерді алу үшін кеңінен қолданылатын OpenWeatherMap болып табылады.




Бастапқы бет



Мақсат қою


Бастапқы бетте тек бір ғана батырма бар. Бұл батырманы

басқаннан кейін бағдарламын негізгі бөлігі көрінеді. Бұл жерде бағдарламаның барлық негізгі элементтері орналасқан. Мақсат қою батырмасын басқаннан кейін жаңа терезе ашылып, мақсатты қадам санын еңгізу мүмкіндігі пайда болады.



Белсенділік бақылау

Мақсат қою батырмасы басылғаннан кейін бағдарламаның негізгі функциясы, яғни қадамдарды санау іске қосылады және орнатылған мақсатқа жеткеннен кейін мақсатқа жеткендігі туралы хабарлама шығады.



Ауа-райын анықтау функциясы

Бұл жерде ауа-райын анықтау функциясы көрсетілген. Сіз өзіңіз тұратын қаладағы ауа райын осы арқылы біле аласыз және жүруге ыңғайлылығын тексересіз.

Бағдарлама құрылымы. Белсенділікті бақылау жобасы бір-неше негізгі файлдардан тұрады:

`index.js`: App компоненті көрсетілетін қолданбаға кіру нүктесі және `App.js`: маршруттауды және жалпы орналасуды қамтитын

Қорытынды, бұл жоба физикалық белсенділікті бақылау функционалдығын ауа-райы туралы ақпаратпен біріктіретін ыңғайлы және өзекті веб-қосымша болып табылады. Мақсат қою және прогресті бақылау функцияларын жүзеге асыру пайдаланушыларға нақты мақсаттар қоюға және олардың орындалуын бақылауға мүмкіндік береді, бұл оларды белсенді өмір салтына ынталандыруы мүмкін.

Қадамдарды бақылау және ауа-райы туралы ақпарат алу үшін React және API пайдалануды қамтитын технологиялық стек веб-әзірлеудің заманауи тәсілдерін көрсетеді және ыңғайлы және тартымды пайдаланушы ортасын жасайды.

Жобаны одан әрі дамыту прогресс тарихын сақтау, мақсаттарды орнату, пайдалану аналитикасы және физикалық белсенділік көрсеткіштерін қолдауды кеңейту сияқты жаңа мүмкіндіктерді қосуды қамтуы мүмкін. Бұл пайдаланушы тәжірибесін жақсартады және қолданбаны мақсатты аудитория үшін одан да тартымды етеді.

Тұтастай алғанда, жоба салауатты өмір салтын сақтауға және олардың физикалық жағдайы мен қоршаған ортасын белсенді бақылауға қызығушылық танытатын

*Амангельді М.П., Идрейисов А.О., студенттер
Сатыбалдиева А.Б., аға оқытушы
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті*

ВЕБ САЙТ ЖАСАЛУЫНА ШОЛУ

Кіріспе. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді. 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің